

**«Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті»  
КЕАҚ Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдауы бойынша**

**ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

Ақтау қаласы

12 желтоқсан 2022 жыл.

**Кіріспе бөлім.**

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті және «Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті» КЕАҚ 2022-2023 оқу жылына арналған Іс-шаралар жоспарының 23 тармағына және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес, университетте **Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдауы** жүргізілді. Университет президент-ректорының 12.09.2022 күнгі № 08-33/25 бұйрығымен бекітілген,

Жұмыс тобының жеке құрамы:

1. Джолдасбаева Г.У. – комплаенс-офицер, жұмыс тобының жетекшісі;
2. Қыдырбаева Г.Н. – Ішкі аудит қызметінің басшысы;
3. Досай Ж.Қ. – заңгер;
4. Яғалиева Б.Е. – «Ғылым және технологиялар» факультетінің деканы;
5. Ауешова Б.Т. – «Құқықтану» кафедрасының меңгерушісі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдауы жүргізілген уақыты: 21.11.-03.12.2022 жыл.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдауы қамтылған кезеңі: шілде-желтоқсан 2022 жыл.

**Сипаттама бөлімі.**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдауы төменгі бағыттар бойынша жүргізілді:

- 1) Университеттің мүдделерін қозғайтын ішкі құжаттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
- 2) Ұйымдастыру-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

**1. Университеттің мүдделерін қозғайтын ішкі құжаттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

«Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті» КЕАҚ өз қызметін Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Білім туралы Заңы, «Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті» КЕАҚ Жарғысы және университеттің ішкі нормативтік құжаттары негізінде атқарады.

Талдау барысында университет пен оның бөлімшелерінің қызметін реттейтін Жарғы мен ішкі нормативтік құжаттар зерделенді. Ішкі нормативтік құжаттар жалпы саны - 93, одан басқа құрылымдық бөлімшелердің ережелер саны – 16.

Қазіргі таңда орыс тілінде - 109, қазақ тілінде – 37 ІНҚ бар.

2022 жылында қайта қарастырылып, қайта бекітілген нормативтік құжаттар саны - 19 (оқу-әдістемелік басқарма (8 ІНҚ), халықаралық офис (2 ІНҚ), ғылыми-зерттеу басқармасы (3ІНҚ), әлеуметтік қолдау және жастарды дамыту бөлімі (5 ІНҚ), қабылдау офисі (1 ІНҚ)).

Талдау нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық бағытында құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен ережелер табылған жоқ. Ескерту ретінде Ішкі нормативтік құжаттардың мемлекеттік тілдегі нұсқалары тез арада жасақтау тапсырылды.

## **2.Ұйымдастыру-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау**

Ұйымдастырушылық басқару қызметін зерделеуде қызметтің мынадай бағыттары тесерілді:

1) *Персоналды басқару, кадрлардың ауысуы.* Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында жұмыс тобы мыналарды анықтады: Университет профессор-оқытушы құрамын, бөлім қызметкерлерін, кіші қызмет етуші персоналды, жұмысшыларды жұмысқа қабылдау «Профессор-оқытушылар құрамының лауазымдарына конкурстық орналасу ережесі» (№6 01.04.2021 директорлар кеңесі шешімімен бекітілген), «Әкімшілік-басқару персоналы лауазымдарын конкурстық ауыстыру қағидалары» (№5 14.12.2020 Ғылыми кеңес шешімімен бекітілген) негізінде конкурс арқылы жүргізіледі. Университет президент-ректорының бұйрығымен № 08-18/33 01.06.2022 күні, комиссия құрамына өзгеріс енгізілген № 08-33/35 26.10.2022(әкімшілік басқару, оқу көмекші, қызмет көрсеті персоналдарын қабылдау) конкурстық комиссия құрылған. Бос орындар туралы хабарландырулар университет сайтында, әлеуметтік желілерде орналастырылады.

Университетте есепті кезеңде 86 қызметкер жұмыстан босатылып, 161 қызметкер қабылданды. Қызметкерлерді жұмыстан шығарудың негізгі себептері: тараптардың келісімі бойынша, еңбек шартының мерзімдері өткеннен кейін, қызметкерлердің бастамасы бойынша болып табылады. 10 адам тәртіптік жауапкершілікке тартылды (9 қызметкер – еңбек тәртібін бұзғаны үшін, 1 адам – лауазымдық міндеттерін тиісінше атқармағаны үшін). Қызметкерлерді тәртіптік жауапкершілікке тарту барысында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жоқ, сондай-ақ қызметкерлердің қылмыстық және әкімшілік сипаттағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауы анықталған жоқ.

Қызметкерлердің тәртіптік теріс қылықтар жасау жағдайларын және академиялық адалдық қағидағтарын бұзуды қарауды Тәртіптік кеңес (университеттің тұрақты жұмыс істейтін, алқалы, ұсынымдық органы) айналысады.

Білім алушылар тарапынан тәртіп бұзушылық жағдайларын Білім алушылардың тәртіп мәселесі комиссиясы қарайды.

Бос лауазымдарға жұмысқа орналасу рәсімдерін талдау кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ. Университетте Қазақстан республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес профилактикаға бағытталған жұмыстар үнемі жүргізіліп тұрады.

### **2)Мүдделер қақтығысын реттеу.**

Жақын туыстары(ата-аналары, балалары, асырап алушылары, асырап алынғандары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, аталары әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) атқаратын лауазымға тікелей бағынысты бос лауазымдарға орналасу кезінде аффилиирлену фактілері анықталған жоқ.

Университет қызметінде сыбайлас жемқорлық фактісі бойынша жеке және заңды тұлғалардан өтініштер түскен жоқ. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы, әлеуметтік желілердегі жарияланымдар мониторингінің нәтижелері бойынша қызметкерлердің қарым қатынасында құқық бұзушылық анықталмаған.

**3. Қаржы шаруашылық қызметі.** Қаржы қаражатын бөлу заңнама талаптарына және қабылданған нормативтерге сәйкес штат саны мен жалақы бойынша, тауарлар-материалдық құндылықтарды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу бойынша жүргізіледі. Бөлім шығыстарды нормативтерге сәйкес жоспарлайды. университетте жүргізген барлық қаржылық операциялар университетте қабылданған қаржылық есептіліктің, есеп және салық саясатының халықаралық стандартының талаптарына сәйкес келеді. Бастапқы құжаттаманы өңдеу бухгалтерлік есепке сәйкес жүргізіледі. Бұзушылықтар анықталған жоқ.

**4. Сатып алу рәсімдерінің заңнама талаптарына сәйкестігі.** Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау және тауарлар-материалдық құндылықтарды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға арналған шығыстарды жоспарлау үшін арнайы бюджеттік комиссия құрылған. Бюджеттік комиссия отырысының қорытындысы бойынша хаттама жасалады, оның негізінде даму жоспарына деректер енгізіледі. Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары жасалады және тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу жүзеге асырылады. Тексеру кезінде бюджет комиссиясын құру туралы бұйрық және комиссия отырысының хаттамалары қаралды. Тауарлар-материалдық құндылықтарды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу қатаң түрде ҚР Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Бұзушылықтар анықталған жоқ.

**5. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша іс-шаралар.** 23.06.2022 жылы бекітілген Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті және «Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті» КЕАҚ 2022-2023 оқу жылына арналған Іс-шаралар жоспары негізінде жүргізіледі. Тексеру кезеңінде барлық жоспарланған іс-шаралар орындалған. Жоспарға сәйкес 2022-23 оқу жылында Магистрлік диссертациялар, дипломдық жоба тақырыптарына сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған 14 тақырып енгізілген. Сонымен қатар «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері» пәні университеттің 5 білім беру бағдарламаларының оқу жоспарына енгізілген. Іс-шаралардың өткізілуі туралы ақпараттар университет сайтында, университеттің, факультеттердің әлеуметтік желілердегі (Фейсбук, Инстаграм) аккаунттарында жарияланған.

Комплаенс офицер



Г.У. Джолдасбаева